



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

12.08.2015 № 487

Астана қаласы

город Астана

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік шекарасының
қазақстан-қырғыз участкесінде
кедендейк бақылауды жою туралы

2014 жылды 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының косылуы туралы шарттың 6, 7-баптарына сәйкес, 2015 жылғы 8 мамырдағы № 5 «Мемлекеттік шекараның қазақстан-қырғыз участкесі арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына кедендейк бақылауды жою туралы» және № 6 «Мемлекеттік шекараның қазақстан-қырғыз участкесінде санитариялық-карантиндік, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық бақылауды (кадағалауды) жою туралы» Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімдерімен (бұдан әрі – ЖЕЭК № 6 шешімі) және 2015 жылғы 11 тамыздағы Еуразиялық экономикалық комиссиясын хабарламасымен,

БҮЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының қазақстан-қырғыз участкесі арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты, сондай-ақ Қырғыз Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы әуе қатынастары кезінде әуежайларда 2015 жылғы 12 тамызда 00.сағат 00 минуттан бастап кедендейк бақылау жойылсын.

2. Алматы және Жамбыл облыстары бойынша мемлекеттік кірістер департаменттерінің басшылары ЖЕЭК № 6 шешімі күшіне енгенге дейін Мемлекеттік шекараның қазақстан-қырғыз участкесіндегі автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларының санитариялық-карантиндік бақылауды жүргізуін қамтамасыз етсін.

3. Облыстар, Алматы және Астана қалалары бойынша мемлекеттік кірістер департаменттерінің және «Достық» кеденінің басшылары осы бүйрыкты іске асыру үшін қажетті шараларды кабылдасын.

4. Осы бұйрыктың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрагасының орынбасары Ф.К. Әмринге жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Мемлекеттік кірістер комитеті
Торағаның міндетін атқарушы

А. Қыпшақов

